BI GROUP

Baizaman

Дәстүрлерден шабыт
алған заманауилық



Астана | Комфорт +

Қымбатты BI Group клиенттері!

Сіздердің үйлеріңіз — біздің алға қойған мақсатымыз! Жаңа үйлеріңізді салу үшін BI Group-ты таңдағандарыңызға шынайы алғысымызды білдіруге рұқсат етіңіздер. Бізге сенім артқандарыңызға көп рахмет.

Құрылыс — өмір сүруге арналған кеңістік жасау өнері, біз бұл процеске жанымызды салып, жауапкершілікпен қараймыз. Әрбір жоба біз үшін бірегей, сол сияқты, онда өмір сүретін отбасылардың әрқайсысы өзінше бірегей.

Біз үйдің жай ғана тұратын орын емес екеніне сенеміз. Бұл — сіздердің болашақтарыңыздың іргетасы, оның мықты, жайлы болуы және сіздерге ұзақ жылдар бойы күн сайын қуаныш сыйлауы үшін біз бар күшімізді саламыз.



Құрметпен,
Baizaman жобасының жетекшісі
Ыбыраев Шоқан

Bi Village deluxe TYK, Deluxe Town TYK
Nova City TYK, Sezim Qala Baqyt TYK
Sezim Qala Senim TYK, Arena Garden TYK
жобаларын салған.

«Қазақстанның құрметті құрылысшысы» төс белгісінің иегері

МАЗМҰНЫ

Жоба туралы	5
Орналасқан жері	6
Маңыздының барлығы жаныңызда	7
Архитектура және дизайн	11
Жайлы аула	13
Дәліздердің сәнді интерьері	18
Сіздің пәтеріңіз	22
Жайғастыру шешімдері	31
Онлайн сатып алу	35
BI Service және бақыт министрлігі	36
BIG App мобильді қолданбасы	38
BI Club бейілдік бағдарламасы	39



ӨТКЕНІ БОЛАШАҒЫНА ШАБЫТ БЕРЕТІН ОРЫН – BAIZAMAN-ҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗ.

Baizaman — заманалар бірлігінің символы.

Атына заты сай Baizaman дәстүр мен заманауилықты ұштастырып, ұрпақтар сабақтастығын паш етеді. Мұнда қазіргі заман мәдени мұрамен астасып, мағына мен үйлесімге толы өмір сүру кеңістігін жасайды



ЖОБА ТУРАЛЫ

Baizaman — инфрақұрылымы дамыған ауданда, Сығанақ көшесі мен Шығыс Айтматов көшесінің қиылысына жақын жерде орналасқан жаңа тұрғын үй кешені.

«Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығы көлікпен 10 минуттық жерде орналасқан, сонымен қатар, болашақта аквапаркі бар Ellington Mall сауда ойын-сауық орталығы салынады.
Мұнда жайлы өмір сүру үшін қажет нәрсенің бәрі: 4 мектеп, балабақшалар, спорт кешендері мен емханалар бар.

Комфорт+
санаты

2026 жылдың III тоқсаны
пайдалануға беру мерзімі

8-12
қабат

1-4 бөлмелі
пәтерлердің конфигурациясы

36-128м²
пәтерлердің ауданы



Материалдардың түстері күн сәулесінің көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тасілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешелеуі мүмкін.

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

«Хан Шатыр» СОО
10 мин

Жайлы мектеп
10 мин

Aldi bi балабақшасы
10 мин

Green Mall СОО
10 мин

Ellington mall СОО
8 мин

Small супермаркеті
10 мин

Ә. Бөкейхан атындағы Binom мектебі
5 мин

Tumar СО
10 мин

Small супермаркеті
10 мин



МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

Жайлы мектеп

Бұл — білім алуға барынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін бірегей оқу орындары. Олар заманауи жабдықпен, жеке шкафтармен, компьютер сыныптарымен, зертханалармен, қарым-қатынас аймақтарымен және ауыз су бұрқақтарымен жабдықталған.

«Жайлы мектептер» тұжырымдамасы орын тапшылығы мәселесін шешумен қатар, оқушыларды оқытып-үйретіп, болашаққа барынша тиімді дайындауға жағдай жасайды.



Мектептің артықшылықтары

- Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі
- Қабылдау ҚР БҒМ стандартты талаптары бойынша жүзеге асырылады
- Оқыту тегін жүргізіледі
- 4000 оқушыға (2 ауысым) есептелген
- Мектептің жабдықталуы стандартты жабдықталудан 5 есе артық
- Үй-жайлар интерьерінің заманауи дизайны

МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

Neotech Digital School

15 минут

Бұл — тек Астанада ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша IT бағытында оқытатын алғашқы мектеп. Бүгінгі таңда цифрлық индустрия біздің өмірімізде барған сайын көбірек орын алуда және оның ықпалы алдағы уақытта тек өсе түспек.

Баланың болашақтың қандай болатыны туралы шынайы түсінігі бар ұстаздардан қажет білімді алатын ортада дамуы өте маңызды.

- Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі
- Қауіпсіздік және ата-аналарды хабардар ету
- IT бағытында оқытатын мектеп
- МЖМББС-на сәйкес инновациялық оқыту бағдарламасы

Qazbilim мектеп-лицейі

10 минут

2022 оқу жылында алғаш рет ұлттық құндылықтар мен тәрбие негізінде, таза қазақ тілінде терендетілген білім беретін ұлттық лицейлер ашылды.

Бүгінде бұл лицейлер Астана, Алматы, Шымкент, Қостанай, Атырау, Ақтау, Қарағанды, Қызылорда қалаларында табысты жұмыс істеуде.

- Қазақ тілінде оқытатын лицей
- Спорт клубтары (шахмат, тоғызқұмалақ, интеллектуалды ойындар)
- Көркемөнер клубтары (домбыра, жетіген, айтыс және т.б.)
- QAZBILIM бірыңғай авторлық әдістемесі

МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

Ozen Fitness

Өзіңіз үшін үйден 10 минуттық жерде орналасқан, үлкен бассейні мен технологиялық жаттығу залы бар бірегей фитнес кеңістігін ашыңыз. Тереңдігі 2 метрлік, 14 жолақты кең бассейн жылдың кез келген мезгілінде суда жүзуге және аквааэробикамен айналысуға тамаша жағдай жасайды. Судың тазалығы мен жайлылығы заманауи сүзгілеу және жылыту жүйелерінің арқасында сақталады.

Жаттығу залы — Life Fitness Insignia, Hammer Strength және басқа да жаттығу құрылғыларының ең жаңа желісімен жабдықталған кеңістік.

Топтық бағдарламаларға арналған залдар — витражды терезелері мен ыңғайлы жабдығы бар, жаттығуға жайлы жағдай жасалған кең, жарық зал.

- Ауданы >6 500 м²
- Бассейннің ұзындығы — 25 м.
- 4 қабат
- Жаттығу залы >1 300 м²
- 30+ топтық бағдарлама
- 50+ орынға арналған жеке көлік тұрағы



Материалдардың түстері күн сәулесінің көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешелеуі мүмкін.


МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА


Балалардың бос уақытын ұйымдастыру

Үнемі сау әрі белсенді болып, денені жақсы қалыпта ұстау оңай!


Baizaman-да балаңыз өзіне ұнайтын кез келген жаттығу түрін таңдай алады. Спортпен айналысудың, белсенді демалыс пен салауатты өмір салтының барлық мүмкіндіктері қол созым жерде орналасқан.














АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ДИЗАЙН

Baizaman тұрғын үй кешенінің қасбеті заманауи пішіндер мен материалдар арқылы қазақ дәстүрлерінің эстетикасын көрсетеді. Сарғыш-алтын түстес реңктер дала пейзажын еске түсірсе, витраждар мен алюминий композитті панельдер әсемдік пен беріктік береді.

8-12 қабатты ғимараттар стиль мен функционалдылықты біріктіреді: екінші қабаттарда кең террасалы пәтерлер қарастырылған. Кешеннің бірегей дизайны көрнекілігімен ғана емес, нышандылығымен де ерекшеленіп, ол ауданның нағыз сәніне айналады.



АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ДИЗАЙН

Құрылыс материалдары

Қаңқасы — тұтас құймалы темір-бетон

Қасбеті — алюминий композитті панельдер

Жылу оқшаулау қасиетіне ие

Терезелері — металл пластик терезелер, 5 камералы профиль, екі камералы шыны пакеті

Сыртқы қабырғалары — газ блогы

Кондиционерлерге арналған қораптар



ЖАЙЛЫ АУЛА

Baizaman тұрғын үй кешенінің ішкі ауласы — оқшаулықты ескере отырып, ойын ойнау және демалу үшін жасалған көліксіз жабық аумақ. Кеңістік жайлы атмосфера қалыптастыратын ландшафт дизайнын қолдана отырып безендірілген.

Балалар үшін барлық жастағы балаларға арналған заманауи көп функциялы ойын алаңы қарастырылған, онда ойнауға, зерттеуге және көңіл көтеруге болады. Барлық ойын элементтері табиғи материалдардан жасалған. Ал тыныш аймақтар көршілермен кездесуге немесе таза ауада отбасылық кештер ұйымдастыруға өте ыңғайлы.

- Workout алаңы
- Футбол алаңы
- Қауіпсіз жабынмен қапталған ойын алаңдары
- Жаяу серуендеуге арналған орындар
- Бейнебақылау камералары
- Экологиялық самалжайлар





Workout аймағы


Бақ әткеншектері бар тыныш аймақтар


Демалыс аймақтары



ТЕРРАСАЛЫ ПӘТЕРЛЕР

Еденге дейінгі терезелері және өз жеке аумағына шығу мүмкіндігі бар пәтерлер үй-жайды жарыққа толтырып, кеңдік сезімін тудырады.

Екінші тұрғын қабаттарда орналасқан, аула жаққа қарайтын террасалар таза ауада тыныштық пен оңашалықтан ләззат алуға болатын демалыс аймағын ұйымдастыруға өте қолайлы

*Құрылыс салушы террасаны жабдықтауды қарастырмаған.

ДӘЛІЗДЕРДІҢ СӘНДІ ИНТЕРЬЕРІ

Baizaman дәліздері ыңғайлылық пен эстетиканы үйлестіре отырып, тұрғындар мен қонақтарға жайлы кеңістік жасайды. Әрлеуде кеңістікке сәнді әрі жинақы көрініс беретін МДФ панельдері мен керамогранит қолданылған.


Дәлізде қарастырылған жұмсақ күту аймағы жайланып отырып, такси немесе курьер күтуге қолайлы. Велосипедтер, самокаттар және бесік арбалары үшін арнайы үй-жайлар жабдықталған.

Өтпелі кіреберістер ауладан және көшеден ыңғайлы кіруді қамтамасыз етеді, ал мұқият ойластырылған навигация оңай бағдар табуға көмектеседі.

- Қозғалыс датчиктері бар шамдар
- Көлік тұрағына шығу
- Қабаттардағы навигация
- Бірінші қабат дәліздерінде және лифттерде бейнебақылау камералары орнатылған
- Арбалар аймағы
- Өтпелі кіреберістер



Кіре берістегі дәліз дизайны



Үлгілік қабат дизайны


МДФ
панельдері
BAIZAMAN
Дәліздің
биіктігі: 3-4 м



Керамогранит

КӨГАЛДАНДЫРУ

Тұрғын үй кешендерін көгалдандыру үшін өсімдіктерді ең жақсы еуропалық тәлімбақтардан аламыз, бұл олардың сапасы мен өміршеңдігіне кепілдік береді. Компанияның дендрологтардан, ландшафт дизайншылары мен бағбандардан тұратын қамқор командасы аймақтың климаттық сипаттамаларына сәйкес материал таңдайды, жас өскін кезінен бастап үлкен ағаш болғанға дейін бірнеше жыл бойы сүйемелдеп, өсімдіктердің жерсінуі мен өсу қарқынын қамтамасыз етеді.
Жобаның жалпы аумағының 30%-дан астам бөлігінде үй кеңістігі мен үй маңындағы кеңістік көгалдандырылған.

Сіздің үйіңізді көгалдандырудың ерекшеліктері:

- Қолайлы микроклимат
- Үйлесімді түс композициялары
- Өсімдіктерге күтім жасау
- Жан-жақты ойластырып, өсімдіктерді аймақтарға бөлу

Біз тұрғындардың табиғаттан ләззат алуы үшін айналаны көгалдандырамыз. Жасыл желекті аймақтар мегаполисте жанға жайлы тыныштық оазистерін жасайды. Аптап ыстықта ағаштардың саясында серуен құру, жапырақтардың сыбдырына құлақ түріп, жылдың әр мезгілінде ағаштардың түсі қалай өзгеретінін бақылау сондай ғанибет.



СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

Көз алдыңызға отбасыңыздың жайлылығы үшін жасалған мінсіз баспана — жылы әрі жарық пәтерді елестетіп көріңізші. Мұнда жайлы болуы үшін ұсақ-түйегіне дейін мұқият ойластырылған, ал қауіпсіздік әрдайым бірінші орында тұрады.

Сіз өзіңізді қауіпсіз сезінуіңіз үшін бірінші тұрғын қабаттардағы терезелер мықты әйнекпен және бұзуға қарсы қорғаныс жүйесімен жабдықталған. Сіздің жайлылығыңыз үшін барлық жағдай жасалған жаңа үйде еш алаңсыз өмір сүріңіз.

Пәтерлердің ауданы: 36-128 м²

Негізгі әрлеу

Пәтерлердің конфигурациясы: 1 бөлмеліден 4 бөлмеліге дейін

Есік ойықтарының биіктігі — 2,3 метрге дейін

IP-домофон жүйесі

Балаларды терезеден құлап кетуден қорғау

Электронды құлыптар



BIG+ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН ПӘТЕРЛЕР

Таза әрленген пәтерлер — жылжымайтын мүлік саласындағы әлемдік стандарт.

Дүние жүзінде пәтерлер таза әрленген күйде пайдалануға беріледі, өйткені бұл жалпы шығынды азайтады, уақытты үнемдейді және сатып алушыларды жөндеу машақатынан арылтады.

BI Group жөндеуден өткен және сантехникасы орнатылған, бірінші күннен бастап тұра беруге болатын BIG+ пәтерлерін ұсынады.

Мүкият ойластырылған эргономика мен дизайнерлік жөндеу пәтер кілтін алған соң ұзақ уақыт жөндеу жасап, артық шығын шығармай, бірден көшіп келіп, тұра беруге мүмкіндік береді.

Көшу енді күйзеліспен және ұзаққа созылатын жұмыстармен байланысты болмайды.

Өміріңіздің жаңа кезеңі оңай, жайлы және уақытылы басталуы үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасадық.

- Уақыт пен жүйкені үнемдеу
- Ақшаны үнемдеу
- 1 жылға кепілдік
- «Көшіп келіңіз де, тұра беріңіз» концепциясы
- Жөндеу құнын ипотекаға қосу мүмкіндігі



Конструктивтер	BIG Simple	BIG Basic	BIG Optima
	Қоңыр сарғыш	Сұр/Қоңыр сарғыш	Сұр/Қоңыр сарғыш
Есік жиынтығы	2 м, Флекс (Ресей)	2,2 м Belwooddoors (Белоруссия)	2,2 м Belwooddoors (Белоруссия)
Ламинат	32-ші класс, қиыққиегі бар	33-ші класс, қиыққиегі бар	33-ші класс, қиыққиегі бар
Еденкемерлер	Пластик, 8 см	Полиуретан, 8 см	Полиуретан, 8 см
Санитарлық торап пен кіре берістегі жылы еден			✓
Қабырғадағы сәндік профиль			✓
Санитарлық тораптағы еден керамикалық плиткасы	600х600 мм (Қазақстан)	600х600 мм (Қазақстан)	600х600 мм (Қазақстан)
Қабырғадағы керамикалық плиткасы	600х600 мм (Қазақстан)	600х600 мм (Қазақстан)	1200х600 мм (Қазақстан)
Лас аймақ пен балкондағы керамикалық плиткасы	600х600 мм (Қазақстан)	600х600 мм (Қазақстан)	600х600 мм (Қазақстан)
Ас үй бөлмесіндегі фартук керамикалық плиткасы	1200х600 мм (Қазақстан)	1200х600 мм (Қазақстан)	1200х600 мм (Қазақстан)
Балалар бөлмесіндегі фототұсқағаз		✓	✓
Тұсқағаз	Флизелин тұсқағаздары, 130 гр	боялатын, 130 гр	боялатын, 130 гр
Қабырғадағы бояу		SHEBER Maler (Қазақстан)	Marshal Euro 7 (Түркия)
Төбе	Кермелі төбе	Кермелі төбе	Кермелі төбе
Төбедегі көлеңкелі профиль			✓
Төбедегі тығыздағышы бар багет	✓	✓	
Жарықтандыру	Люстраға арналған қосқыштар	Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар	Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар
Розеткалар/Ажыратқыштар	Auroom (Қазақстан)	Auroom (Қазақстан)	Schneider Electric (Франция)
Сантарлық тораптағы сантехникалық құралдар	Zigor /Axon (Қытай)	Haiba (Қытай)	Grohe (Германия)
Инсталляция		Visam Slim (Қытай)	Grohe (Германия)
Унитаз	Orbita dech (Қытай)	Saniteco (Қытай)	Saniteco (Қытай)
Ванна	Акрилді 1700х700 мм	Акрилді 1700х700 мм	Акрилді 1700х700 мм
Қолжуғыш	Раковинасы бар ілмелі тумба 610х470 мм	Раковинасы бар ілмелі тумба 610х470 мм	Раковинасы бар ілмелі тумба 610х470 мм
Айна	Жарықтандырусыз	Жарықтандырылатын сәндік	Жарықтандырылатын сәндік









*Иллюстрацияда BIG Basic пакеті көрсетілген

СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

Негізгі әрлеу

Baizaman тұрғын үй кешенінен пәтер сатып алғанда, сіз оны негізгі әрлеуде аласыз. Бұл өте ыңғайлы, өйткені ең шулы және «лас» жұмыстар жасалып қойғандықтан, сіздің уақытыңызды ғана емес, қаражатыңызды да үнемдейді.

Сізге тек лайықты дизайнды таңдап, пәтер жөндеу жұмыстарының соңғы кезеңіне кірісу ғана қалады.



Едені жабын төсеуге дайын.



Электрика – бүкіл пәтерге электр желілерінің сымдары тартылды.



Қабырғаларды әрлеу – қабырғалар таза әрлеу жұмыстарын жүргізу үшін тегістелген.



Жылыту жүйесі толық орнатылды және пайдалануға дайын.



Төбесінде электр сымдары өткізілген, бұл жоба бойынша жарықтандыруды жеңілдетеді.



Кіру есіктері – металдан жасалған, сенімді құлыппен жабдықталған кіру есігі.

АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Электронды құлыптар

Alpha 50 маркалы электронды құлып қосымша жайлылық береді. Онымен сөмкеден кілт іздеу туралы ұмытуға болады.

Жай ғана ыңғайлы тәсілді таңдаңыз.



Вид электрозамка по факту может отличаться от представленного на фотографии в зависимости от выбранной линейки производителя.

Ашу тәсілдері:


- Кодпен кіру
- Смарт-карта
- Механикалық кілт
- Саусақ ізі

IP-домофония

IP-домофон – домофон жүйелерінің арасындағы озық шешім, ол деректерді беру үшін бейнебайланыс сапасын жақсартатын цифрлық желіні пайдаланады.

Мүмкіндіктері:

- Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
- Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
- Келушілердің суреттерін жазу мүмкіндігі (жад картасын орнатқанда)
- Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына (6 данаға дейін) қол жеткізу




Интерфейс и вид панели по факту может отличаться от представленного на фотографии в зависимости от выбранной линейки производителя.


ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ШУДАН ОҚШАУЛАУ

Acoustic Pro

Пәтераралық шудан оқшаулауды жақсартуға бағытталған шешімдердің арқасында шулы көршілеріңіз енді жайсыздық тудырмайды. Біз Acoustic Pro сияқты дыбыс оқшаулайтын арақабырғалар заманауи технологияларын енгіземіз.

Acoustic Pro дыбыс оқшаулауы — 56 дБ-ден төмен емес





Acoustic Pro — арнайы BI Group үшін Корея Республикасының сарапшыларымен бірлесіп әзірленген жүйе, екі қабат гипсті қатырмадан тұратын, бір жағында минералды мақта тақтасы мен қалыңдығы 100 мм газ блогы, екінші жағында минералды мақта тақтасы мен екі қабат гипсті қатырма бар көп қабатты конструкция болып табылады.


Бұл технологияда әр түрлі материал түрлері: дыбысты жұтатын жұмсақ элементтер және оны қайтаратын қатты элементтер қолданылады. Осындай үйлесімнің арқасында тамаша дыбыс оқшаулау көрсеткіштеріне қол жеткізіледі. Арақабырғалардың қалыңдығы тұрғын үйдің пайдалы ауданын барынша сақтайтындай етіп мұқият есептелген.

ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ШУДАН ОҚШАУЛАУ


Қалқымалы еден

Біз пәтерді жоғарғы жақтағы шудан оқшаулау үшін «қалқымалы еден» технологиясын қолданамыз.


Бұл — тұтастырғышты құяр алдында қабырғалар мен еденге тығыз жанасатын, діріл мен шудан оқшаулайтын материал қабаты төселетін ерекше жүйе. Осының арқасында көршінің жүрген немесе ролик тепкен кездегі шуы «қалқымалы еденге» тиімді түрде сіңеді.



«Қалқымалы еден» соққы шуының таралуына жол бермейді




ЖАЙҒАСЫМДАР





Мазмұнына оралу

ЖАЙҒАСЫМДАР





ФУНКЦИЯЛЫ ҮЙ-ЖАЙЛАР



Төбесі жабық көлік тұрағы

Жабық көлік тұрағында көлігіңізді жауын-шашыннан, қатты аяздан немесе аптап ыстықтан, сондай-ақ зиянкестерден қорғаңыз.
Бұған қоса, сіздерге ыңғайлы болуы үшін көлік тұрағында әр кіреберіске арнап азық-түлік таситын арба қарастырылған.

* бөлек сатып алынады



Велосипед тұрағы

Велосипедті бекіту үшін жақын маңнан ағаш, тірек немесе қоршау іздеудің қажеті болмайды. Біз сізге ыңғайлы болатын жер үсті және қабырғалық велосипед тұрақтарын қарастырдық.



Boxroom

Пәтеріңізді маусымдық заттармен ыбырсытпау үшін спорт жабдықтарын, шиналар мен дискілерді, маусымдық киімдерді, құралдарды және көптеген басқа да нәрселерді жеке boxroom-ыңызда сақтауға болады.

* бөлек сатып алынады

Суреттер шартты сипатқа ие.

БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮЙ-ЖАЙЛАР

Біздің коммерциялық үй-жайларымыз негізінен тұрғын орамдардың бірінші қабаттарында орналасады.

Коммерциялық үй-жайлардың ауданы әртүрлі болуы және еркін жайғасымы сізге әртүрлі бизнес түрлеріне арнап таңдау мүмкіндігін береді.

Негізгі артықшылықтары:

- Алдыңғы қатар
- Жаяу жүргіншілер ағыны
- 6000-нан астам тұрғын
- Төбесінің биіктігі — 2,9-6 м
- Дамып келе жатқан аудан
- Қонақтарға арналған көлік тұрағы қарастырылған



ONLINE САТЫП АЛУ

Оңай. Жылдам. Ыңғайлы

Неліктен online сатып алуды таңдаған дұрыс?


Уақыт үнемдеу
Кептелістер, бағдар-шамдар және кезектер туралы ұмытыңыз. Пә-терді рәсімдеу 30 минут уақытыңызды алады.

Әлемнің кез келген жерінен қол жеткізу
Шетелде жүріп-ақ жылжымайтын мүлік сатып алыңыз.

Икемді төлем тәсілдері
Бөліп төлеу, ипотека немесе толық есеп айырысу – өзіңізге қолайлы нұсқаны таңдаңыз.

Әр кезеңде қолдау көрсету
Сұрақтарыңызға жауап беріп, көмек көрсету үшін мамандарымыз әрдайым байланыста болады.

Ашықтық және сенімділік
BI Group барлық операциялардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына кепілдік береді.



1. BIG App арқылы өздігінен сатып алу

• Сіз пәтер таңдап, шартқа қол қоясыз және төлемді өзіңізге ыңғайлы уақытта қолданба арқылы төлейсіз.

• Мәміле аяқталғаннан кейін сізге барлық кейінгі кезеңдерде қолдау көрсететін дербес менеджер бекітіледі.

2. Цифрлық сату офисі менеджерінің көмегімен сатып алу

• Сіз сайтта немесе қолданбада өтінім қалдырасыз.

• Менеджеріміз сізге кеңес беріп, мінсіз пәтер таңдауға және мәміле рәсімдеу процесін аяқтауға көмектеседі.

BI Service

20 жыл бойы бүкіл Қазақстан бойынша және одан тыс жерлерде бізге 400 мың тұрғын сенім білдіреді.

BI Service басқарушы компаниясы сіздің еш нәрсеге уайымдамай, жаңа үйіңіздегі өмірден ләззат алуыңыз үшін клиенттердің жайлы және қауіпсіз тұру жайын өз мойнына алады.

Тұрғын үй кешеніне қатысты кез келген сұрақтарыңыз бойынша жеке менеджер әрқашан көмектеседі.

Біз 7 млн м2-ден астам аумаққа қызмет көрсетеміз

550 үй | 4 000 офис | 1 100 коттедж | 32 000 тұрақ орны

Бізді ерекшелендіретін нәрселер:

- Кәсіби мамандар командасының жоғары сарапшылық деңгейі;
- Әр клиентпен жеке қарым-қатынас жасау;
- Жүйелердің техникалық жай-күйін қатаң бақылау;
- Заманауи технологияларды қолдану;
- Ашық қаржылық басқару;
- 24/7 жедел ақпарат беру;
- Бірыңғай сапа стандарттары

Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
тұрғын үй-жайлар – м²-іне 250 теңгеден басталады,
офистер – м²-іне 499 теңгеден басталады,
тұрақ орны – 11 000 теңгеден басталды.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықталуына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты қалыптасады.



БАҚЫТ МИНИСТРЛІГІ

Біз клиенттерімізге қамқорлық жасай отырып, тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыратын және олардың әрқайсысы өзін үлкен BI отбасының бір бөлігі ретінде сезінуі үшін тату көршіліктің жылы атмосферасын қалыптастыратын Бақыт министрлігін құрдық.

Біз тұрғындардың көршілердің ауызбіршілігін арттыруға бағытталған бастамалары мен жобаларын қолдаймыз.





Бақыт министрлігімен барлық отбасылардың бос уақыты қызықты оқиғаларға толы болады:

- Шағын футболдан жарыстар;
- Үстел теннисінен турнирлер;
- Таза ауада жаттығу;
- Тауға жорыққа шығу;
- Шығармашылық шеберлік сабақтары;
- Концерттер мен көрмелер;
- Бірлескен мерекелер;
- Аулада фильмдер көру.

BI Green

Ағаш отырғызу – отбасымен және көршілермен бірге жақсы уақыт өткізу.

Біз тұрғындармен бірлесіп, 50 000-нан астам ағаш пен бұта отырғыздық. Кәсіби дендрологтар өсімдіктердің жерсінуіне және көптеген жылдар бойы аулалардың сәнін кіргізуіне жағдай жасайды.




BIG APP МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАСЫ

BIG App – BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.

- Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
- BI Group жеңілдіктері мен акциялары


- Құжаттар мен төлемдер
- Құрылыс барысы (live құрылысы)

- Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
- Үй шығындарын қадағалау

- Жылжымайтын мүлікті таңдау
- Пәтерлерді онлайн сатып алу

- Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
- Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі

- BI Club – жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және сериктестерден cashback
- BIG App-тағы онлайн сервистер



BI CLUB БЕЙІЛДІК БАҒДАРЛАМАСЫ

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, BIcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!

Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

Жылжымайтын мүлік түрі:		Пәтерлер	Офистер
BI BRONZE	1 сатып алу	4%	5%
BI BRONZE+	2 сатып алу	5%	6%
BI SILVER	3 сатып алу	6%	7%
BI SILVER+	4 сатып алу	7%	8%
BI **GOLD**	5 сатып алу	8%	9%
BI **GOLD+**	6 сатып алу	9%	10%
BI **PLATINUM**	7+ сатып алу	10%	11%
BI **DIAMOND**		12%	13%



BI GREEN

Бақыт құшағында өмір сүріңіз

BI GROUP

Астана қ.

Сығанақ көшесі, 62/3
Viva Plaza БО

Сарайшық көшесі, 5Г,
«Лазурный квартал»
ТҰК

Т. Рысқұлов көшесі, 9
Nexpo Trend

Алматы қ.

«Гранд Алатау» БО
Тимирязев көшесі, 28в

«Arena Park» бигвиллі
Момышұлы көшесі, 10/2

Атырау қ.

Тайманов д-ы 42А
Altyn Zaman ТҰК

Қ. Сәтбаев даңғылы, 43а
Infinity Mall СОО

Шымкент қ.

Назарбаев даңғылы, 55
Желтоқсан к-сі, 28

Қарағанды қ.

Бұқар жырау даңғылы,
51/4-құрылыс
51 бизнес орталығы

360

Бұл тұрғын үй кешені бойынша үлескерлердің ақшасын тартуға 72, 17.12.2025 рұқсат алынды. Құрылыс салушы: «BI Development Astana» ЖШС. Уәкілетті компания: ТОО «Esil Town». Бұл жарнама, ҚР АК 395-бабына сәйкес, жария оферта болып табылмайды.